ЗЕРЕНДІ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

# ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады ● Жұма, 26 маусым, 2026 жыл №25 (697)

## ПРЕЗИДЕНТ

### Бельгия - Қазақстанның Еуропалық Одақтағы басты серіктестерінің бірі



**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Бельгия Премьер-министрі Барт де Вевер екі ел ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективасын талқылап, саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамытуға айрықша назар аударды, деп хабарлайды Egemen.kz.**

Мемлекет басшысы Бельгияны Қазақстанның Еуропалық Одақтағы басты серіктестерінің бірі ретінде атады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, экономикалық ықпалдастықтың қарқыны бұдан да зор әлеуетке ие. Бельгия Қазақстан экономикасына қаржы құйған 10 жетекші инвестордың қатарына кіреді. Соңғы 20 жылда аталған елден келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 15 миллиард долларды құрады.

Өзара сауда айналымы да тұрақты түрде өсіп келеді. Оның көлемі былтыр 580 миллион доллардан асты.

Премьер-министр Барт де Вевер екі ел арасында саяси диалог деңгейі жоғары екенін атап өтті. Ол Бельгияның екіжақты қарым-қатынасты одан әрі тереңдетуге және стратегиялық серіктестік аясын кеңейтуге ниетті екенін мәлімдеді. Тараптар көлік-логистика, аса маңызды минералдар, мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, цифрлық трансформация, жасанды интеллект және қаржы салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін қарастырды.

Бұдан бөлек, ғылым және білім беру саласындағы ықпалдастық, әсіресе, университеттер, зерттеу орталықтары мен технологиялық компаниялар арасындағы серіктестікті ілгерілету перспективасы пысықталды. Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдалана отырып, Бельгия Королі Филиппке және Королева Матильдаға ізгі сәлемін жолдады.

Президент екіжақты қатынастар тарихында алғаш рет Король Филипптің биыл Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына айрықша мән беретінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Барт де Веверді өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды. Премьер-министр шақыруды ықыласпен қабыл алды. Сондай-ақ тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

## ПАРЛАМЕНТ

### Жақып Асанов ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің Басшысымен адам құқықтары мен азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғау мәселелерін талқылады

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Төрағасы Жақып Асанов ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Бағдарламалар кеңсесінің басшысы Алексей Роговпен кездесті. Тараптар адам құқығын қорғау жөніндегі бұдан былайғы ынтымақтастық, құқық қорғау тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесі арасындағы өзара сараптамалық іс-қимылды дамыту мәселелерін талқылады.**

Жақып Асанов кездесуді аша келіп, Қазақстанның ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесімен ынтымақтастықтың көпжылдық сындарлы сипатына тоқталды. Сондай-ақ құқықтық реформаларды іске асыруда Ұйымды сараптамалық қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Әңгіме барысында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметін одан әрі дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Әңгімелесушілер сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметін жетілдіру, арнайы баяндамашылар институтын дамыту, ұсынымдардың орындалуын мониторингтеудің тиімділігін арттыру және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды кеңейту мәселелері бойынша пікір алмасты. Бірлескен сараптамалық іс-шараларды, оқыту бағдарламаларын және құқық қорғау күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша консультация өткізудің келешегіне ерекше назар аударылды.

Тараптар кездесу қорытындысы бойынша әріптестікті одан әрі нығайтуға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен бастамаларды іске асыруға қызығушылық білдірді.

senate.parlam.kz

## *Құрметті Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!*

Сіздерді Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Ақпарат саласы қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қызметтік міндеттеріңізге сәйкес Сіздер маңызды оқиғалар мен жаңалықтардың дәл ортасында жүріп, оқырмандарды ауылдық округтердегі нақты жағдаймен, аудан тұрғындарының жұмыстары, мүдделері мен өзекті мәселелерімен таныстырып, аймақтық және ұлттық жаңалықтарды жеткізесіздер.

Бұқаралық ақпарат құралдары қашан да болмасын қоғамның маңызды институты болып қала берері ақиқат. Ақпараттың сенімділігі мен әділдігі, нақтылығы, шұғылдығы және бейтараптығы, адамдарға көмектесуге дайын болу –дәл осы қасиеттері арқылы журналистер қоғамымыздың дамуына өздерінің айтарлықтай үлестерін қосуда.

Газеттің әрбір саны – ұжымдық еңбек. Баспасөз мекемесінің макет дизайнерлері, бет қаттаушылары, корректорлары және бухгалтерлері ортақ іске нәтижелі атсалысуда.

Жергілікті журналистикада жоғары кәсібиліктің берік негізін қалауға белсенділік танытқан сала ардагерлеріне ерекше алғысымды білдіргім келеді.

**Әсет ҚҰРМАНҒОЖИН,**
**Зеренді ауданының әкімі.**

*Елге қызмет – абыройлы борыш*

# Кәсіби мерекелер аталып өтілді



**Зеренді аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері және қазақстандық полиция күндеріне арналған салтанатты шара өтті.**

Мерекелік бағдарламаны жүргізушілердің: «Қайырлы күн, құрметті қонақтар, мемлекеттік мекемеде қызмет атқарып жүрген мемлекеттік қызметшілер, ел тыныштығы мен тәртіпті сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген полиция қызметкерлері! Сіздердің төл мерекелеріңізге арналған салтанатты жиынға қош келдіңіздер!

Құрметті полиция қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Мемлекеттің қалыпты өмірін сақтау жолында, Сіздердің қиын да аса жауапты міндеттеріңізді атқаруда ел сақшылары атанғандарыңызды барша тұрғындарымыз мойындауда», - деген сөздерінен кейін сахнаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы шығарылып, мереке ашық деп жарияланды.

Сөз кезегін алған Зеренді ауданының әкімі Әсет Құрманғожин өңірдің мемлекеттік қызметшілері мен полиция қызметкерлерінің қоғамдағы алар орнына, халыққа қызмет көрсетудегі табысты істеріне, жетістіктеріне кеңінен тоқтады.

Салтанатты шара қалыптасқан дәстүрге сай, мемлекеттік қызметшілер күнінің құрметіне Ант беру рәсімімен жалғасты.

Мемлекеттік қызметке қабылданған Бәйтерек ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы Мүтәш Ақерке Бақытқызы және Мәлік Ғабдуллин ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы Самал Амангелдіқызы Темірбаева ел игілігіне адал қызмет атқаруға ант бергенін қабылдаған өңірдің бірінші басшысы құттықтауын марапаттаумен жалғастырды.

Мемлекеттік қызметкерлер күнінің құрметіне Ақмола облысының әкімінің Алғыс хатымен Күсеп ауылдық округінің әкімі Қуандық Сәрсенбаев аталып өтілді.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтер бойынша Агенствосының Ақмола облысы бойынша Департаменті басшысының Алғыс хаты: Наталья Готфридқа - Зеренді ауылдық округінің бас маманына; Абылай Сабуровқа - Зеренді ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманына; Қайрат Тайжановқа – Зеренді аудандық мәслихатының ұйымдастыру бөлімінің басшысына; Арайлым Өтегеноваға - Зеренді ауданы әкімі аппаратының бірыңғай персоналды басқару қызметінің бас маманына табысталды.

**(Жалғасы 2-ші бетте).**



